

Дулати университеті егде жастағы адамдардың шығармашылық және кәсіби дамуына арналған «Күміс университеттер» бағдарламасын жүзеге асырады. Осылайша, 2024 жылдың 7 қарашасында Күміс университеттер бағдарламасы аясында сертификаттар табыс етілді. «Психосоматика және дене психотерапиясы: теория, тәжірибе» курсының тыңдаушылары Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ-нің ардагерлері болды. Курсты әлеуметтік психология кафедрасының аға оқытушысы, инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімдеу орталығының бас координаторы Усенова Сандуғаш Мейрамбекқызы жүргізді. «Күміс университеттер» – бұл халықаралық қозғалыс, оның міндеті – егде жастағы адамдарды оқыту және ынталандыру, зейнеткерлік жастағы адамдардың белсендіру және өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында олардың ішкі мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ашуға жәрдемдесу. Бұл модель Франция, Англия, Қытай және Жапония сияқты елдерде 60 жылдан астам табысты жұмыс істеп келеді. Университет салауатты өмір салты, психология, цифрлық сауаттылық және т.б. сияқты танымал тақырыптарда оқуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда курсты 30-дан астам студент аяқтады.











